

Каспий өңірі «Болашақ» колледжіне талапкерлерді қабылдау ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 11) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10 – бабының 1) тармақшасына сәйкес Каспий өңірі «Болашақ» колледжінде (бұдан әрі – колледж) оқуға қабылдау тәртібі осы қағидалар бойынша іске асырылады.

2. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына бастауыш («Хореография өнері» мамандығы (біліктілігі «Балет әртісі»)) бойынша кадрлар даярлау үшін, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар қабылданады.

3. Колледжге оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған адамдарды қабылдауға квота көзделеді:

- 1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін;
 - 2) Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін;
 - 3) Ауылдың әлеуметтік экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;
 - 4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін;
 - 5) жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасын жоғалтқан немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін;
 - 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау үшін;
4. Түсу емтихандарын тапсыру нысанын білім беру ұйымдары белгілейді.

2. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Каспий өңірі «Болашақ» колледжіне оқуға қабылдаудың тәртібі

Құжаттарды қабылдауды және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру

5. Колледжде тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау үшін, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау кезеңінде колледж басшыларының бұйрығымен күнтізбелік жылғы 1 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады, ол тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, жұмыс берушілердің, қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен төраға сайланады.

Қабылдау комиссиясының шешімі егерде отырыста оның құрамының үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Дауыс тең болған жағдайда қабылдау комиссиясының басшысының шешімі негізгі шешім болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

6. Колледждің қабылдау комиссияларының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының келісімі бойынша шешіледі.

7. Білім беру ұйымдарына тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

8. Колледжге оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау:

1) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша:

- оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында;
- оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

2) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

Жұмыс уақыты:

Дүйсенбі – Сенбі

09.00 – 18.00 сағ. Үзіліс 13.00 -14.00 сағ.

Жексенбі – демалыс

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы білім беру ұйымына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) не «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – портал) жүгінеді және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін

қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес стандартта келтірілген.

«Хореография өнері» мамандығына оқуға түсуші тұлғалар білім беру ұйымында қосымша медициналық комиссиядан өтеді.

Оқуға түсетін құжаттарды оқуға түсушінің жеке өзі немесе оның заңды өкілдері ұсынады.

Қабылдау квотасы қарастырылған колледжге оқуға түсуші тұлғалар санатты растайтын құжаттарын ұсынады.

9.1. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

9.2. Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері қағаз жеткізгіште немесе құжаттарды портал арқылы ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауап жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жолдайды.

9.3. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

9.4. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2 тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

10. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер колледждің тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

11. Колледжге ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Түсу емтихандарына қатысу үшін мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама ұсынған кезде, қажет болған жағдайда, мемлекеттік комиссия төрағасының атына:

1) жеке аудитория ұсыну;

2) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған түсу емтиханы шеңберінде тапсырылатын пәндердің мұғалімі болып табылмайтын көмекшінің және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманның қажеттілігі туралы еркін нысанда қосымша өтініш бере алады.

12. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін түсу емтихандары:

орта буын мамандарын даярлау үшін және:

1) бастауыш білімі барлар үшін («Хореография өнері» мамандығы («Балет әртісі» біліктілігі) бойынша ғана кадрлар даярлау үшін қабылдау

кезінде) – бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ тілі немесе орыс тілі) және шығармашылық емтихандар бойынша;

2) негізгі орта (негізгі жалпы) білімі бар оқуға түсушілер үшін – негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

3) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі;

орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлау үшін және:

1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) бойынша;

2) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін мамандықтың бейінді пәні бойынша өткізіледі.

Конкурс колледж өткізген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде өткізіледі.

Түсу емтихандары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Кестені түсу емтихандарының өтетін күні мен уақытын, орнын көрсете отырып колледж басшысы (3) жұмыс күнінен кешіктірмей емтихан өткізерден алдын бекітеді және оны ақпараттық стендтермен колледждің веб сайтында (**www.college.bolashak.org**) орналастырады.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған түсу емтихандары әңгімелесу нысанында өткізіледі. Түсу емтихандарын және әңгімелесуді өткізу кезеңінде аудио-бейнежазба жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша жеке әңгімелесуді жүргізеді.

Қабылдау комиссиясы әр оқуға түсушімен әңгімелесуді 20 минуттан артық жүргізбейді.

Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының басшысы бекітеді.

Түсу емтихандарының қорытындылары ақпараттық стендтерде және колледждің веб сайтында түсу емтихандарын өткізген күні орналастырылады.

13. Орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары – күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына – күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 28 қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнаулы немесе шығармашылық емтихандар – күнтізбелік жылдың 21 шілдесі мен 28 шілдесі аралығында өткізіледі.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар

үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 29 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 25 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны – 25; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады; үш пән бойынша тестілеуге – 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша – 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқталғаннан кейін дереу ілінеді; тестілеу нәтижелері ол өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандар нысанында түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған «3», «4», «5» бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шәкіл бойынша: «3» – 8 балға, «4» – 17 балға, «5» – 25 балға алмастырады.

14. Колледжге түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

15. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

16. Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі осы қағидалардың 1 – қосымшасына сәйкес айқындалады.

Орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндердің тізбесі осы қағидалардың 3 – қосымшасына сәйкес айқындалады.

17. Өнер және мәдениет мамандықтары бойынша білім беру ұйымдарына оқуға түсетін тұлғалар осы Үлгі қағидалардың 2 – қосымшасына сәйкес бекітілген бағдарламалар бойынша өткізілетін шығармашылық емтихандарын тапсырады.

Шығармашылық емтихандар бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған немесе емтиханға ешқандай дәлелді себепсіз келмеген азаматтар қалған емтихандарға жіберілмейді.

18. Педагогикалық мамандықтар, арнаулы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша колледжге оқуға түсетін тұлғалар колледж өткізетін арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды тапсырады.

19. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны осы Үлгі қағидалардың 2 – қосымшасына сәйкес анықталады.

Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша арнайы емтиханды өткізу нысанын денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

20. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оны оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірмей жеткізіледі.

21. Оқуға түсушіні арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде рұқсат етіледі.

22. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

23. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу қорытындылары – бағалау ведомостарымен ресімделеді.

Арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

24. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

25. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге колледж ұсыну үшін бағалау ведомостінен үзінді беріледі.

26. Білім беру ұйымында бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және түсу емтихандар нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелері тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері тесттік пәндер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагогтердің санынан құрылады. Бір тестілеу пәні бойынша педагогтердің саны кемінде екі адамнан құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен басшы сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

27. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға шағым береді.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

29. Қабылдау конкурсын өткізу кезінде осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес баллдар сомасы ескеріледі.

30. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына – күнтізбелік жылдың 25 тамызы мен 31 тамызы аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына – күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегі мен 30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

Білікті жұмысшы кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 25 тамызы мен 31 тамызы аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегі мен 30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

31. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша колледжге қабылдау мамандықтар, оқыту тілі бойынша қабылдау комиссиясының ашық отырыстарында жүргізіледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

1) негізгі орта (жалпы негізгі) білімі бар адамдар үшін екі пәннен 16 балдан кем, медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша 25 балдан кем;

2) жалпы орта білімі бар адамдар үшін үш пәннен 24 балдан кем, медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша 35 балдан кем жинағандар жіберілмейді.

32. Қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты қабылдау комиссиялары орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау – күнтізбелік жылдың 10 қыркүйегіне дейін, сырттай және кешкі оқу нысандарына – күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стенділерге немесе колледждің веб сайтында (**www.college.bolashak.org**) жариялау арқылы оқуға түсушілердің назарына жеткізеді.

Осы Қағида «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 12 мамырдағы №

197 бұйрығының негізінде жасақталды және колледждің 06 мамыр 2020 жылғы №8 хаттамасымен педагогикалық кеңес мәжілісінде қаралды.

1-қосымша

Каспий өңірі «Болашақ» колледжіне бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің 2020-2021 оқу жылының күндізгі бөлім бойынша қабылдау емтихандарының тізімі

	Код	Мамандықтар атауы	Бейіндік пәндер атауы	
			Негізгі орта білім (жалпы негізгі)	Орта білім (жалпы орта)
0100000 - Білім беру				
1	0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология
		010101 3 Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі		
2	0103000	Дене тәрбиесі және спорт	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
		010302 3 Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі		
3	0105000	Бастауыш білім беру	Математика	Математика
		010501 3 Бастауыш білім беру мұғалімі		
0200000 – Құқық				
4	0201000	Құқықтану	Құқық негіздері	Дүние жүзі тарихы
		020102 3 Заңгер-кеңесші		
0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару				
5	0510000	Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (қолдану аясы және салалары бойынша)	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Қазақ немесе орыс тілі
		051002 3 Іс қағаздарын жүргізуші		
6	0512000	Аударма ісі (түрлері бойынша)	Шетел тілі	Шетел тілі
		051201 3 Аудармашы		
		Есеп және аудит (салалар бойынша)	-	Әңгімелесу
		051801 2 Бухгалтер		

		051802 3 Бухгалтер-ревизор (аудитор)	Математика	Математика
		Экономика (салалар бойынша)	Математика	Математика
		Экономист		
0800000 – Мұнай, газ және химия өндірісі				
9	0801000	Мұнай мен газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы (бейін бойынша)	Математика	Математика
		080114 3 Техник-технолог		
10	0807000	Мұнай мен газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Математика	Математика
		080703 3 Техник-механик		
11	0809000	Мұнай және газ кенорындарын пайдалану (бейін бойынша)	Математика	Математика
		080922 3 Техник-технолог		
1100000 – Көлік (салалар бойынша)				
12	1103000	Кеме жасау және кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету	Әңгімелесу	-
		110313 2 Кеме жөндеуші-слесарь		
		110317 3 Техник-құрылысшы	Математика	Математика
13	1104000	Теңіз техникасын электр радиолық монтаждау	Математика	Математика
		110404 3 Электр механигі (кемедегі)		
14	1107000	Көтергіш-көлік, құрылыс-жол машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану (салалар бойынша)	Математика	Математика
		110704 3 Техник-электромеханик		

15	1114000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	Математика	Математика
		111406 3 Техник-механик		
1200000 - Өндіру, құрастыру, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша)				
16	1203000	Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару	Математика	Математика
		120309 3 Тасымалдауды ұйымдастырушы техник		
17	1204000	Су көлігін пайдалану (бейін бойынша)	Әңгімелесу	-
		120401 2 Матрос (теңіз және балық аулау флоты)		
		120402 2 Рөлші (ұстаушы)	Әңгімелесу	-
		120410 3 Техник-кеме жүргізуші	Математика	Физика
1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар				
18	1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	Әңгімелесу	-
		130402 2 Байланыс құрастырушысы-кабельші		
		130404 3 Техник-бағдарламашы	Математика	Математика
1400000 – Құрылыс және коммуналдық шаруашылық				
19	1401000	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	Әңгімелесу	-
		140104 2 Сылақшы		
		140105 2 Бояушы	Әңгімелесу	-
		140124 2 Кең бейінді құрылыс шебері	Әңгімелесу	Әңгімелесу
		140121 3 Техник-құрылысшы	Математика	Математика
20	1418000	Сәулет өнері	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
		141802 3 Техник-жобалаушы		
1500000 – Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология				
21	1514000	Экология және табиғат ресурстарын тиімді	Математика	Химия

		пайдалану (салалар бойынша) 151409 3 Эколог		
--	--	--	--	--

1-қосымша

Каспий өңірі «Болашақ» колледжіне бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің 2020-2021 оқу жылының сырттай бөлім бойынша қабылдау емтихандарының тізімі

	Код	Мамандықтар атауы	Бейіндік пәндер атауы
			Орта білім (жалпы орта)
0100000 - Білім беру			
1	0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Биология
		010101 3 Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	
2	0103000	Дене тәрбиесі және спорт	2 шығармашылық емтихан
		010302 3 Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі	
0200000 – Құқық			
3	0201000	Құқықтану	Дүние жүзі тарихы
		020102 3 Заңгер-кеңесші	
0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару			
4	0510000	Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (қолдану аясы және салалары бойынша)	Қазақ немесе орыс тілі
		051002 3 Іс қағаздарын жүргізуші	
5	0512000	Аударма ісі (түрлері бойынша)	Шетел тілі
		051201 3 Аудармашы	
		Есеп және аудит (салалар бойынша)	Математика
		051802 3 Бухгалтер-ревизор (аудитор)	
		Экономика (салалар бойынша)	Математика
		Экономист	
0800000 – Мұнай, газ және химия өндірісі			
8	0807000	Мұнай мен газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Математика
		080703 3 Техник-механик	
1100000 – Көлік (салалар бойынша)			
9	1104000	Теңіз техникасын электр радиолық монтаждау	Математика
		110404 3 Электр механигі (кемедегі)	

1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар			
10	1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	Математика
		130404 3 Техник-бағдарламашы	
1400000 – Құрылыс және коммуналдық шаруашылық			
11	1401000	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	Математика
		140121 3 Техник-құрылысшы	
12	1418000	Сәулет өнері	2 шығармашылық емтихан
		141802 3 Техник-жобалаушы	

2-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны

Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
		Негізгі орта (жалпы негізгі) білім базасында, бастауыш ("Хореография өнері" мамандығы (біліктілігі "Балет әртісі") білім базасында	Орта (жалпы орта) білім базасында
0100000 – Білім беру			
0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
0103000	Дене тәрбиесі және спорт	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. Мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. Мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру

0105000	Бастауыш білім беру	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
---------	---------------------	--	--

3-қосымша

**Орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының бейіні бойынша
жалпы білім беру пәндерінің тізбесі**

Орта білімнен кейінгі білім беру мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Жалпы орта білім базасында бейінді пән атауы
0100000 – Білім беру		
0103000	Дене тәрбиесі және спорт	1 шығармашылық емтихан
0105000	Бастауыш білім беру*	Математика
0200000 – Құқық		
0201000	Құқықтану	Дүниежүзі тарихы
0500000 – Қызмет көрсету, экономика және басқару		
0512000	Аудармашы ісі (түрлері бойынша)	Шетел тілі
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	Математика
0519000	Экономика (салалар бойынша)	Математика

Ескертпе*: бейіндік пәннің атауын білім беру ұйымы мамандық бойынша берілетін біліктіліктің түріне қарай айқындайды.

ҚОСЫМША

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары; 2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша түсетін көрсетілетін қызметті алушылар үшін: күндізгі оқу нысанына –күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығы;

		сырттай (кешкі) оқу нысанына – күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығы; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша – күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 шілдесі аралығы; 2) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша – күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 27 тамызы аралығы, оқудың кешкі нысанына – күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығы; 3) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; 4) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
4	Көрсету нысаны	электрондық/қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орнына құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат немесе Стандарттың 9-тармағында баяндалған негіздерге сәйкес құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес қолхат беру. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама жолданады. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға өтініш білдірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді.

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда көрсетілетін қызмет берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. портал: жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында; 2) www.egov.kz порталында орналасқан.
8	Құжаттардың тізбесі	Көрсетілетін қызметті берушіге: 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш; 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы; 3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет; 4) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді

		мемлекеттік тіркеу тізімінде 6697 нөмірімен тіркелген) № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 6697 нөмірімен тіркелген) № 088-У нысаны бойынша I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындыны; 5) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады: 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты; 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі; 3) босқын – босқын куәлігі; 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі; 5) оралман – оралман куәлігі. Порталға: 1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші; 2) білімі туралы құжаттың немесе білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі; 3) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан
--	--	--

		Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №6697 нөмірімен тіркелген) бекітілген № 088-У нысаны бойынша I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысының электрондық көшірмелері; 4) 3x4 см көлеміндегі фотосурет; Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда: 1) тапсырылған құжаттардың тізбесі; 2) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері көрсетіледі.
9	Қазақстан Республикасының	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін

	заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдар, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	1) Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда электрондық нысанда портал арқылы немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған абоненттік нөмірін порталдың есептік жазбасына тіркеген және қосқан жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алады; 2) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы «1414», 8 800 080 7777 арқылы алады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 9 сәуірі № 136
бұйрығына 4-қосымша

Еңбек нарығының
қажеттіліктерін ескере отырып,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі
білімі бар кадрларды даярлауға,
жоғары және (немесе) жоғары
оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарының дайындық
бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке
дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға,
орта білім беруге мемлекеттік
білім беру тапсырысын
орналастыру қағидаларына
15-қосымша

**2020-2021 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Техникалық және кәсіптік, орта	Коды	Мамандық атауы	Оқыту тілі	9-сынып базасында	11-сынып базасында	Оқыту тілі	Техникалық және кәсіптік,	Оқыту тілі

білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымының атауы				(орын саны)	(орын саны)		орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары ның базасында	
Каспий өңірі «Болашақ» колледжі	0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	қазақ	25				
	0105000	Бастауыш білім беру	қазақ	25				
	1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	қазақ орыс	25 25				
	1418000	Сәулет	қазақ	25				

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 9 сәуірі № 136
бұйрығына 5-қосымша

Еңбек нарығының
қажеттіліктерін ескере отырып,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі
білімі бар кадрларды даярлауға,
жоғары және (немесе) жоғары
оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарының дайындық
бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке
дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға,
орта білім беруге мемлекеттік
білім беру тапсырысын
орналастыру қағидаларына
16-қосымша

**Конкурс шарттары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы
орналастырылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының тізбесі**

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының атауы	Коды	Мамандық атауы	9-сынып базасында (орын саны)	Оқыту тілі	11-сынып базасында (орын саны)	Оқыту тілі	Оқыту тілі	Мамандық бойынша жобалық қуаттылығы
Каспий өңірі «Болашақ» колледжі	0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	25	қазақ				25
	0105000	Бастауыш білім беру	25	қазақ				25
	1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	25 25	қазақ орыс				50
	1418000	Сәулет	25	қазақ				25

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 9 сәуірі № 136
бұйрығына 6-қосымша

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына
17-қосымша

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 2013 жылғы 15 сәуірдегі 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №_____бөлімі (мекенжай көрсету керек) "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге" Сіздің тізбеге сәйкес, құжаттар топтамасын толық ұсынбағандықтан мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге құжаттарыңызды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Ұсынылмаған құжаттардың атаулары:

- 1) _____;
- 2) _____;

Нақты қолхат 2 (екі) данада құрастырылған, әр тарапқа бір данадан

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т.А.Ж. (бар болғанда)

(қолы)

(Қызмет берушінің Т.А.Ж. (бар болғанда)

(қолы)

Алдым:

(Қызметті алушының Т.А.Ж. (бар болғанда)

(қолы)

"__" _____ 20__ жыл.